



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТ

Қазақстандағы медиа және ақпараттық сауат

ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Өңірлік кеңсесінің қолдауымен
«MediaNet Халықаралық журналистика орталығы» қоғамдық қоры

Бұл құжатты MediaNet Халықаралық журналистика орталығы ашық деректерді талдау, салалық министрліктерге ресми сауалдар жолдау, академиялық орта мен азаматтық қоғам институттарынан шыққан медиа және ақпараттық сауат сарапшыларымен сұхбат жүргізу және оларды талдау нәтижелеріне сүйене отырып әзірледі.

Бұл есепте келтірілген идеялар мен пікірлер олардың авторларына тиесілі, әрі олар ЮНЕСКО-ның ұстанымымен міндетті түрде сәйкес келе бермейді және Ұйымға қандай да бір міндеттеме жүктемейді.

Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

Қазақстандағы медиа және ақпараттық сауат	2
МАС-ты мемлекеттік деңгейде реттеу	3
Халықаралық ұйымдар	5
Үкіметаралық және халықаралық ұйымдардың Қазақстандағы өкілдіктері	6
МАС-ты дамытумен айналысатын Қазақстандық ҰЕҰ-лар	7
Қазақстандық сарапшылардың МАС-тың дамуына берген бағасы	9

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТ

Қазақстандағы медиасауатты зерделеу және дамыту бастамасы аясында MediaNet Халықаралық журналистика орталығы (бұдан әрі – MediaNet) ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Өңірлік кеңсесімен бірлесе отырып, елдегі медиасауат экожүйесіне зерттеу жүргізді.

Бұл кешенді талдау төмендегілерді қамтиды:

- ▶ негізгі мүдделі тараптарды картаға түсіру;
- ▶ қолданыстағы заңнама және саяси тәжірибелерді зерттеу;
- ▶ медиасауат жағдайына баға беру және оны дамыту бойынша ұсыныстар

Медиа білім беру мен медиа және ақпараттық сауатты (бұдан әрі – МАС) дамыту бүгінде ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен тікелей байланысты, өйткені жаһандық ақпараттық кеңістік пен жаңа технологиялардың дамуы жағдайында әрбір азаматтың қауіпсіздігі жаңа сын-қатерлерге тап болады. Сонымен қатар, ақпарат арналарының көпвекторлығы мен жеделдігін ескере отырып, тұтынушы саналы немесе бейсаналы түрде жалған ақпарат тарату процессінің қатысушысына айналуы мүмкін, бұл өз кезегінде ауыр салдарға әкелуі ықтимал.

МАС-ты мемлекеттік деңгейде мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына пән ретінде енгізген жөн. Жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі аудиторияға арналған заманалы курстар мен оқу құралдары, әдістемелік құралдар да қажет. Сонымен бірге мұғалімдер мен оқытушыларды, ересек аудиториямен жұмыс істейтін тренерлерді даярлау мен қайта даярлау керек.

МАС-ТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ РЕТТЕУ

Бұл бөлім мемлекеттік органдардың ресми жауаптары негізінде жазылды. Тиісінше, онда көрсетілген мазмұн, сондай-ақ жобалардың сапасы, өзектілігі мен бағасы зерттеу авторларына емес, министрлік өкілдеріне тиесілі.

Қазіргі кезде Қазақстанда медиа мен ақпараттық сауат мәселелері бойынша заңнама мен білім беру салаларында бірнеше министрлік жұмыс жүргізуде.

- ▶ **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті.** Комитет балалардың, соның ішінде ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оқушылардың цифрлық сауатын арттыру саласында жұмыс істейді.

2022 жылы ҚР «**Білім туралы**» Заңына «баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе масс-медиа және (немесе) телекоммуникация желілері және (немесе) онлайн-платформалар пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг)» (1-бап, 4-2-тармақ) деген ұғым енгізілді.

Баланы жәбірлеу (буллинг) профилактикасының ережелері жасалып, буллингтің алдын алу және анықтау жөніндегі қызмет тәртібі айқындалды. Сондай-ақ білім беру ұйымдары үшін психологиялық қызметтің жұмыс тәртібі бекітіліп, онда мамандардың балалармен, ата-аналармен және педагогтармен психологиялық жағдайды нығайтуға бағытталған өзара іс-қимыл алгоритмдері жинақталды.

Оқу жылы басталғалы бері барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында балалардың түрлі жағдайларда, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік бойынша өздеріне деген сенімді арттыруға бағытталған **«Жеке қауіпсіздік сабақтары»** енгізілді. Қауіпсіздік сабақтарында басты назар шұғыл қызметтердің және байланыс орталықтарының телефон нөмірлерін пайдалану, бөгде адамдардың ұсыныстарынан бас тарту, кибербуллинг және одан қорғану жолдары, ата-анамен сенімді қарым-қатынас жасау және оның маңызы, интернеттегі қауіп-қатерлер және баланың құқықтары мен міндеттері оқытылады.

2022–2023 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компонентіне 5–11 сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы енгізілді. Осы курстың 5–9 сыныптарға арналған мазмұнында «Медиасауат және қаржылық сауат» (Бағдарлама бойынша «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық») негізгі бөлімдердің бірі ретінде қарастырылды.

► **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі** медиасауатты арттыруға бағытталған төмендегі құжаттар аясында іс-шараларды өткізіп келеді:

- Медиа саласы мамандарын оқытудың 2020-2021 жылдарға арналған арнайы жоспары;
- 2022-2023 жылдарға арналған медиа білім беру сапасын арттыру жөніндегі арнайы жоспар;
- 2024 жылға арналған медиасауатты (құжат бойынша - медиасауаттылықты) дамыту жоспары;
- 2025 жылға арналған халықтың медиасауатын дамыту және Медиаасфера мамандарының біліктілігін арттыру жоспары.

2022 жылы Министрлік **қоғамдағы медиа және ақпараттық сауат бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізді**. Зерттеу нәтижесінде халық арасында кездесетін медиасауатқа қатысты түйткілдер, азаматтар үшін өзекті қауіп-қатерлер мен түрлі әлеуметтік топтардың медиасауат деңгейі зерделенді.

Зерттеу қорытындысы бойынша Министрлік жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ), жоғары оқу орындарымен, халықаралық ұйымдармен бірлесіп, халықтың барлық тобы үшін фейк ақпаратты ажырату, нейрожелілерді пайдалану, киберқауіпсіздік және басқа да өзекті тақырыптар бойынша **оқыту шараларын (семинарлар, трениңдер, куиздер, уоркшоптар, дөңгелек үстелдер және т.б.)** ұйымдастырып келеді.

Үкіметтік емес ұйымдар арасында **«Қаржы, құқық, медицина, діни салалардағы, сондай-ақ цифрландыру аясындағы проблемалық мәселелер бойынша ақпаратты халыққа жеткізу тиімділігін»** арттыруға бағытталған жоба жүзеге асырылды. Жоба грант арқылы қаржыландырылып, республикалық және өңірлік деңгейде 1200 адамды қамтыды. (Ескерту: ашық деректерден жобаның егжей-тегжейі мен нәтижелері туралы ақпарат табылмады.)

2023 жылы «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ **«Қазақстандағы балаларға арналған контентті зерттеу» тақырыбында талдамалы баяндама** дайындады. Баяндама IT саласындағы балаларды зерттеумен айналысатын сарапшыларға, әлеуметтанушыларға, психологтарға, педагогтарға және басқа да зерттеушілерге арналған. Бұл материалдар балаларды әлеуметтік медиадағы деструктивті контенттен

қорғау шараларын әзірлеу, сондай-ақ уәкілетті органдар тарапынан балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру мақсатында пайдаланылуда.

2024 жылы медиасауатты арттыруға арналған қазақ тілінде «SynSana» мобильді қосымшасы әзірленді. Ол геймификация элементтері бар төрт модульден тұрады: «Білім және ғылым», «Желідегі құқықтық қауіпсіздік», «Жаңалықтар фабрикасы», «Алаяқтықпен күрес». Қосымшаны [Қазақстандық қоғамдық даму институты](#) жасаған және [App Store](#) мен [Play Market](#) платформаларынан жүктеуге болады.

“2025 жылға арналған халықтың медиасауатын дамыту және Медиасфера мамандарының біліктілігін арттыру жоспары” аясында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер цикліне «Медиасауат» пәнін енгізу көзделген.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің бастамасымен 2020 жылы COVID-19 пандемиясы кезінде жалған ақпаратпен күресу мақсатында [stopfake.kz](#) жобасы іске қосылды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІГІН ДАМУДЫ РЕТТЕЙТІН ЗАҢДАР МЕН БАСҚА ДА ҚҰЖАТТАР

Атауы	Күні	Құжаттардың қысқаша ресми мазмұны
«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңы	2013 жылғы 21 мамыр	Осы Заң дербес деректер саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ дербес деректерді жинаумен, өңдеумен және қорғаумен байланысты қызметтің мақсатын, қағидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды.
«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңы	2015 жылғы 16 қараша	Осы Заң ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату жөніндегі әркімнің конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.
«Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңы	2015 жылғы 24 қараша	Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында, ақпараттандыру объектілерін құру, дамыту және пайдалану кезінде, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамытуды мемлекеттік қолдау кезінде мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын ақпараттандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.
Ақпараттық қауіпсіздік Комитетінің Киберқауіпсіздік қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстары	2023 жыл	Қазақстандағы киберқауіпсіздік мәселелері бойынша ұсыныстар және деректерді техникалық қорғау, радиобақылау, дербес деректерді қорғау және халықтың цифрлық сауатын арттыруға бағаттылған шаралар.

Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы	2023 жылғы 20 наурыз	Сыни тұрғыдан ойлауға бағдарлану, медиа және ақпараттық сауатты дамыту. Азаматтарды МАС-тың жоғары деңгейімен қамтамасыз ету.
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы	2023 жылғы 11 желтоқсан	Бірқатар Кодекстер мен Заңдарға, атап айтқанда, ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатер және дербес деректердің қауіпсіздігін бұзу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді.
«Масс-медиа туралы» ҚР Заңы	2024 жылғы 19 маусым	Осы Заң масс-медиа саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, олардың құқықтық негіздерін белгілейді және сөз бен шығармашылық еркіндігіне конституциялық құқықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі **Жолдауын** ерекше атап өткен жөн, онда ол Үкімет қаржы саласын реттеу органдарымен бірге “Мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізу қажеттігін” айтты.

Сондай-ақ, 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақстан мектептерінде білім берудің **мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (МЖБС) апробациялау** басталады. Атап айтқанда, мектеп пәндеріне МАС элементтері, ең алдымен, жасанды интеллект (AI) компоненттері енгізіледі. Стандартты толық іске асыру 2026-2027 жылдарға жоспарланған.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

► Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)

БҰҰ Бас Ассамблеясы 2021 жылдың 24–31 қазан аралығында **Жаһандық медиа және ақпараттық сауат апталығын (МАС апталығы)** өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл шешім фактіге негізделген, уақтылы, мақсатты, түсінікті, қолжетімді, көптілді және ғылыми дәлелденген ақпараттың қажеттілігін көрсетеді. Аталған апталық жыл сайын 24–31 қазан аралығында өтеді. Резолюцияда түрлі елдер, олардың ішіндегі цифрлық теңсіздік пен деректер саласындағы алшақтықты адамдардың цифрлық ортада ақпарат іздеу, алу және тарату қабілеттерін арттыру арқылы азайтуға болатыны айтылған.

Сонымен қатар, БҰҰ Даму бағдарламасы аясындағы білім беру жобалары шеңберінде МАС тақырыптары бойынша вебинарлар, семинарлар, трениңдер және басқа да оқыту форматтары өткізіледі.

► БҰҰ-ның білім, мәдениет және коммуникация мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО)

“Медиа және ақпараттық сауат” кешенді **ұғымын** алғаш рет 2007 жылы ЮНЕСКО ұсынды. Бұл тұжырымдама медиа және ақпараттық сауатқа байланысты барлық құзыретті қамтиды.

ЮНЕСКО интерпретациясында МАС – ақпарат пен медиаөнімдерге тиімді түрде қол жеткізу, оларды талдау, сыни тұрғыдан бағалау, түсіндіру, пайдалану, жасау және тарату үшін қажетті білім, дағды, қатынас, құзыреттер мен тәжірибелердің жиынтығы. Мұның бәрі шығармашылыққа, заңдылыққа және этикаға негізделіп жүзеге асады. МАС – ХХІ ғасыр дағдыларының, яғни «жұмсақ» дағдылардың ажырамас бөлігі.

Орталық Азия аумағында **ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Өңірлік кеңсесі** мен Мәскеудегі Білім берудегі ақпараттық технологиялар институты (БАТИ) осы бағытта жұмыс істейді. 2024 жылы ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Өңірлік кеңсесі «Қазақстан Интернет Қауымдастығымен» бірлесіп, журналистер мен медиа ұйымдарға арналған МАС-ты кәсіби қызметке енгізуге бағытталған өңірлік трениң **өткізді**.

БАТИ МАС бойынша **педагогтар мен оқушыларға арналған** жаңа Оқу бағдарламасының орыс тіліндегі нұсқасын – **«Медиа және ақпараттық сауатты азаматтар: сыни ойлаңыз, ақылмен шертіңіз»** атты курсты әзірледі.

2023 жылы ЮНЕСКО БАТИ ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен Қазақстан жастарына арналған **медиа сауат бойынша трениңдер** сериясын ұйымдастырды. Сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің жоғарғы оқу орындары оқытушыларына арналған **оқыту курсын** әзірледі.

ЮНЕСКО МАС-ты дамытуда әлемдік және өңірлік деңгейде, соның ішінде Қазақстанда, ең белсенді және маңызды акторлардың бірі болып қала береді.

► **Халықаралық фактчекерлер желісі (IFCN)**

Халықаралық фактчекерлер желісі 2015 жылы АҚШ-тың Флорида штатындағы Пойнтер институтының жанынан құрылып, фактчекпен айналысатын кәсіби ұйымдарды біріктіреді және тәуелсіз фактчек стандарттарын әзірлейді. IFCN – әлем бойынша 100-ден астам қызмет ұсынатын фактчек саласындағы жетекші ұйым. Ол түрлі елдердегі фактчекерлермен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін IFCN Talks, Global Fact, International Fact-Checking Day сияқты іс-шараларды өткізеді. 2020 жылдың 24 қыркүйегінде IFCN Халықаралық фактчекерлер желісінің **Жарғысын** қабылдады. IFCN Meta сияқты ірі платформалардағы контентті тәуелсіз **тексеруге** көмектеседі.

► **Фактчек стандарттары бойынша Еуропа желісі (EFCSN)**

2022 жылы фактчек ұйымдарының еуропалық қауымдастығы Париж қаласында құрылған. IFCN секілді бұл ұйым да фактчек саласы мен кәсіби стандарттардың дамуына үлес қосады. EFCSN тәуелсіз фактчек бағдарламаларын жүзеге асыруға да қатысады, соның ішінде Meta-ның **3PFC (Third-Party Fact-Checking)** бағдарламасы да бар.

ҮКІМЕТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ ӨКІЛДІКТЕРІ

► **ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Өңірлік кеңсесі**

ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Өңірлік кеңсесі ұйымның МАС саласындағы бағдарламалық қызметін негізге ала отырып, аталмыш салада жинақталған тәжірибені **Қазақстан** жағдайына бейімдеп жүзеге асырады.

► **Internews Network ұйымының Қазақстандағы өкілдігі**

2018–2023 жылдары жүзеге асқан **MediaCAMP** атты Орталық Азия бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі – жастар мен ересектердің медиа және ақпараттық сауатын арттыру, ақпаратты сараптап қабылдайтын тұтынушылар мен сапалы ақпарат жеткізушілер санын арттыру. MediaCAMP аясында медиа сауат бойынша инновациялық форматтағы төрт Эдьютон (оқыту марафоны) ұйымдастырылды.

Бағдарлама аясында Қазақстандағы 9–11(12) сынып оқушыларына арналған алғашқы **медиа сауат оқулығы**, мектеп мұғалімдеріне арналған қазақ және орыс тілдеріндегі әдістемелік құралға қолдау көрсетілді (жоба MediaNet жүзеге асырды – төменнен қараңыз). Журналистерге, мектеп мұғалімдері мен басшыларына, ҰЕҰ өкілдеріне арналған түрлі семинарлар мен тренинждер өткізілді.

Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына арналған **МАС бойынша оқу құралының** бірінші нұсқасы жасалды.

10-14 жастағы мектеп оқушыларын медиа және ақпараттық сауат бойынша оқытуға арналған **«МедиаДжунгли»** мобильді бағдарламасы мен медиа сауат бойынша қазақ және орыс тілдерінде **аудио-ертегілер топтамасын** әзірледі.

CAIIA жобасы (2024 жыл) Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстанда шынайы әрі теңгерімді ақпаратты дамытуға, дезинформацияның алдын алуға бағытталды. Internews Network халықаралық ұйымының Қазақстандағы өкілдігі жобаны Zinc Network сияқты серіктестермен бірге жүзеге асырды. Жобаның негізгі мақсаттарының арасында Орталық Азиядағы дезинформацияның алдын алу, фактчек технологияларын үйрету, жастар арасында сыни ойлауды дамыту болды.

МАС-ты ДАМУМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЕҰ-ДАР

► MediaNet Халықаралық журналистика орталығы

Factcheck.kz – 2017 жылдан бері тұрақты түрде жүзеге асырылып келе жатқан Орталық Азиядағы алғашқы және ең ірі фактчек жобасы. 2018 жылдан IFCN (Халықаралық фактчекерлер желісі) **сертификатталған мүшесі**. 2024 жылдан бастап Factcheck.kz Meta-ның (Facebook, Instagram, Threads) Үшінші тараптың фактілерді тексеру бағдарламасының – **3PFC (Third-Party Fact-Checking)** қатысушысы.

MediaNet фактчекпен қатар жалған ақпарат, пропагандаға қарсы тұру, медиа және жаңалық сауатын дамыту бойынша бірнеше жобаларды іске асырды.

Негізгі жобалар қатарында Орталық Азиядағы алғашқы **мектеп оқулығы мен әдістемелік құралы** (9–11 сыныптарға арналған), **Qlever.Asia** - медиа сауатты үйрететін мобильді ойындар платформасы, **Factcheck Dive** – ауқымды білім беру жобасы, **Shyndyq** (Шындық) подкасты, **MediaIQ** - видеосабақтар және эксклюзиверлер топтамасы, Вакцинацияға қатысты жалған ақпараттарды **зерттеу**, Медиа және ақпараттық сауатқа арналған оқу-әдістемелік құралдар **сериясы**, Өшпенділік тілі бойынша зерттеулер және тағы да басқа көптеген жобалар бар.

► Қазақстан Жастар Ақпараттық Қызметі (ҚЖАҚ)

Зерттеулер:

► 2022 жылғы сандық зерттеу – Қазақстан жастарына **дезинформацияның әсері**;

► 2024 жылғы сапалық зерттеу – Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанда дезинформация мәселесіне байланысты 60 сараптамалық сұхбат.

Сонымен қатар, ҚЖАҚ Жастарға арналған фактчек пен дезинформацияға қарсы іс-қимыл бойынша **тренинждер ұйымдастыру және өткізу**, Тренерлер дайындау және Қазақстанның 10 өңірі мен 16 ауыл мектебінде тренинждер өткізу секілді жобаларды да жасауда.

Мемлекет тарапынан азаматтық қоғамға бағытталған сынға қарамастан дәл осы үкіметтік емес ұйымдар мен олардың бастамалары арқасында Қазақстанда көптеген бағыттар бойынша медиа және ақпараттық сауат белсенді дамып келеді. Әйтсе де, төменде көрсетілген көптеген ұйымның жұмысы түрлі себептерге байланысты жүйесіз сипатқа ие.

Атауы	Интернет-дереккөзі	Жүйелік	Қала/аймақ
Білім беру мекемелері			
Алматы қаласындағы №5 мектеп-гимназия	<i>«Жас медиатренерлер» жобасы</i>	жиі	Алматы
Алматы менеджмент университеті (AlmaU)	<i>TikTok-тың «Қауіпсіздік академиясы» бастамасы аясында #Лүпiлдетбiрақтексер науқаны</i>	ара-тұра	Алматы
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті	<i>Медисауат бойынша курс</i>	ара-тұра	Қостанай
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы	<i>Медиасауат саласындағы ғылыми, білім беру және зерттеу қызметі</i>	жиі	Алматы
Л. Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы	<i>«Медиасауат үйі» жобасы аясында оқыту</i>	жиі	Қостанай, Петропавл
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	<i>Кітапханашыларға арналған медиасауат</i>	ара-тұра	Астана
Ы. Алтынсарин атындағы Облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы	<i>Цифрлы этикет ережелері</i>	ара-тұра	Қостанай
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы MediaNet, Internews, USAID-пен бірлесіп	<i>МАС бойынша оқу бағдарламалары мен әдістеме құралдар жасау</i>	ара-тұра	Астана/ Алматы
Үкіметтік емес ұйымдар			
«Еркіндік Қанаты» ҚҚ	<i>Сөз бостандығы және цифрлық құқық туралы «Цензурасыз Қазақстан» трениңі, оның ішінде MAS компоненті</i>	ара-тұра	Астана

Internews Network ұйымының Қазақстандағы өкілдігі	Теңдестірілген ақпараттық ортаны дамытуға арналған өңірлік бағдарлама	жиі	Алматы
IREX	Білім беру бағдарламалары арқылы МАС-ты дамыту	жиі	Алматы
Қазақстан Жастар ақпараттық қызметі – ҚЖАҚ	Қазақстан және Орталық Азия жастарына арналған фактчекиң трениңдері	жиі	Алматы
Kazakhstan Media Network	Білім беру, үкіметтік емес және мемлекеттік ұйымдармен ынтымақтастық арқылы МАС-ты ілгерлету	жиі	Алматы
Қоғамның дамуын ақпараттық қолдау қоры	«Жасөспірімдерге арналған медиаасауат» курсы	ара-тұра	Өскемен
«Құқықтық медиа орталығы» ҚҚ	МАС компонентін қамтитын медиа құқық курсы	жиі	Астана
Құқықтық саясатты зерттеу орталығы (LPRC)	«Қазақстанда медиа білім беруді енгізу және дамыту» зерттеуі	ара-тұра	Алматы
Маңғыстау облыстық азаматтық альянс	Медиаасауат бойынша трениңдер	ара-тұра	Ақтау
MediaNet Халықаралық журналистика орталығы	Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, оқыту, фактчекиңді дамыту және білім беру, үкіметтік емес және мемлекеттік ұйымдармен ынтымақтастық арқылы МАС-ты ілгерлету	жиі	Алматы
«Мінбер» Журналистерді қолдау орталығы» ҚҚ	Журналистер, студенттер, белсенділер және басқалар үшін МАС және медиа этика бойынша трениңдер	ара-тұра	Алматы
«Психология-бизнес- медиа қауымдастығы» Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігі	«Медиаасауат үйі» жобасының негізін салушылар, Түрлі аудиторияларға арналған трениңдер мен оқытулар, “Медиаджунгли” мобильді бағдарламасы	жиі	Қарағанды, Көкшетау, Қызылорда, Ұлытау

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт (IWPR)	<i>Сыни ойлау және медиасауат бойынша курстар жинағы</i>	ара-тұра	Алматы
ТАУАН ҚҚ	<i>«Медиасауат үйі» жобасы аясында халықтың әртүрлі топтарын оқыту</i>	жиі	Павлодар
«Тілші» аймақтық журналистика орталығы» ҚҚ	<i>Ақтөбеде журналистер мен белсенділерге арналған МАС бойынша трениңдер</i>	ара-тұра	Ақтөбе

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫЛАРДЫҢ МАС-ТЫҢ ДАМУЫНА БЕРГЕН БАҒАСЫ

Зерттеу аясында сауалнамаға қатысқан сарапшылар Қазақстандағы медиа және ақпараттық сауатты (МАС) ілгерлетудегі бірқатар қиындыққа тоқталды. Атап айтқанда, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы бағдарламаларды мемлекеттік реттеу мәселелері – қолданыстағы нормалар МАС-ты білім беру жүйесіне енгізуді айтарлықтай қиындатады.

Сарапшылар көтерген өзекті проблемалар қатарында халықтың бұл тақырыптан аз хабардар болуы бар. Көпшілік, әсіресе өңірлерде, МАС-ты қажетті дағды ретінде қабылдамайды. Интернетте алаяқтардың көбеюіне қарамастан жалған ақпарат пен фейктердің нақты қауіп екенін түсінбейтіндер көп.

МАС бойынша сапалы білім беру ресурстары әлі де шектеулі. Қазіргі бар ресурстар кең аудиторияны қамтуға жеткіліксіз. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі бейімделген және түпнұсқа материалдардың тапшылығы сезіледі, бұл – қазақтілді аудиторияның үздіксіз өсіп келе жатқанын ескерсек – аса маңызды мәселе. Ауыл мектептері мен кітапханалары көбіне цифрлық ресурстар мен медиасауат бойынша даярланған тренерлерге қол жеткізе алмайды.

Сарапшылар мектептегі білім мен құндылықтар ересек ортада қолдау таппайтынын да атап өтті. Осыған байланысты ересектермен де белсенді жұмыс жүргізу керек, бұл ретте онлайн оқыту мүмкіндіктерінің барлығын пайдалану қажет.

МАС дағдыларын меңгерген және заманалы оқыту әдістерін білетін педагогтар да жетіспейді. Сарапшылардың айтуынша, қазіргі мұғалімдерді, әсіресе пән мұғалімдерін осы салаға тарту қиын: олардың жаңа тақырыпқа уақыты да, ынтасы да, қызығушылығы да жоқ.

Қазақстанда медиасауатты дамыту үшін институционалдық және саяси қолдау қажет: МАС бойынша мемлекеттік стратегия әзірлеп, іске асыру, МАС тақырыбын міндетті түрде білім беру стандарттарына енгізу, жалпы орта және жоғары білім беру стандарттарына интеграциялау.

Азаматтық қоғам институттары, ең алдымен ҰЕҰ өкілдері, қаржыландыру тапшылығын және соның салдарынан МАС саласындағы жүйелі жұмыстың жоқтығын атап өтті. Бұл жағдай кең аудиторияны қамту мен тарту деңгейін арттыруға кедергі келтіреді. Мәселені шешу үшін краудфандинг мен өзге де қаржыландыру көздерін қолдану қажет. Ал негізгі қаржылық қолдауды мемлекет өз мойнына ала алады.

МАС саласындағы ең маңызды және ерекше назар аударуды талап ететін тақырыптар ретінде сарапшылар мыналарды атады:

- ▶ Пропагандаға қарсы іс-әрекет;
- ▶ Жалған ақпаратпен күрес;
- ▶ Жасанды интеллекттің жағымсыз ықпалы;
- ▶ Онлайн алаяқтықты тану және оған қарсы тұру;
- ▶ Дербес деректерді қорғау;
- ▶ Жалпы киберқауіпсіздік.

МАС проблемасына жас ерекшеліктері әртүрлі аудиториялар тартылғанын ескерсек, олар ақпаратты қабылдау арналары мен контент форматтарын әртүрлі деңгейде тұтынады. Сондықтан оқыту бағдарламаларын әзірлеу кезінде осыны ескеру, әрі алдын ала тестілеу мен фокус-топтар өткізу – жақсы нәтижеге жетудің маңызды жолы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫЛАРДЫҢ МАС-ТЫ ІЛГЕРЛЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАРЫ

Жалпы ұсыныстар:

- ▶ Қазақстанның білім беру жүйесіне МАС-ты енгізу үшін жүйелі әрі ойластырылған әдісті қалыптастыру қажет. Ең алдымен, мемлекет пен азаматтық қоғам үшін ортақ тұжырымдама жасау маңызды. Қазіргі таңда азаматтық қоғамның өз тұжырымдамасы мен көзқарасы бар, ал мемлекет – әкімшілік ресурстарға ие. Алдымен, осы тараптардың өзара үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету керек.
- ▶ Келесі кезеңде әдістемелер мен оқулықтарды дайындап, мақсатты аудиторияны оқыту, қосымша білім беру интерактивті материалдарын жасау қажет. Бұл материалдарды сынақтан өткізіп, білім беру жүйесіне енгізу керек.
- ▶ Елдің барлық аймақтарындағы МАС бойынша қолжетімді онлайн және оффлайн білім беру ресурстарына аудиторияның қол жеткізуін қамтамасыз ету. Осы ресурстар туралы ақпаратты мақсатты топтар арасында кеңінен тарату.
- ▶ МАС саласындағы барлық мүдделі тараптардың (акторлардың) бастамалары мен әрекеттерін үйлестіру үшін жаңартулар мен белсенділікті бірізділендіру қажет, бұл қайшылықтардан сақтайды.

Мемлекеттік құрылымдарға арналған ұсыныстар:

- ▶ МАС-ты жүйелі түрде пайдалану бастамасын көтеріп, бұл тақырыпты институционализациялау;
- ▶ МАС компонентін мектеп пен ЖОО бағдарламаларына жаппай енгізу;
- ▶ МАС бойынша мұғалімдер мен оқытушыларды оқытуға мемлекеттік қолдау көрсету;
- ▶ Әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге арналған МАС курстарын ұйымдастыру;
- ▶ Әртүрлі өңірлерде медиасауат деңгейін зерттеу, жалған ақпараттың қоғамдық пікірге әсерін тұрақты түрде бағалау;
- ▶ Қазақстандық және халықаралық сарапшылардың үздік тәжірибелерін қолдану.

Халықаралық ұйымдарға:

- ▶ Қазақстандағы ҰЕҰ, білім беру мекемелері және БАҚ сияқты құрылымдармен МАС тақырыбы бойынша серіктестік орнату;
- ▶ МАС-ты ілгерілететін жергілікті бастамалар мен жобаларды қолдау;
- ▶ МАС-тың дамуына бағытталған жаңа нормативтік-құқықтық актілерді (бұйрықтар мен ережелерді қоса алғанда) қабылдауға ықпал ету.

Үкіметтік емес ұйымдарға (ҰЕҰ):

- ▶ Аудиторияның жасы мен қызығушылықтарына қарай әртүрлі МАС контенттерін әзірлеуде бастамашы болу;
- ▶ «Ата-ана – бала» санатымен жұмыс көлемін арттыру. Ата-аналар мен олардың балаларының медиасауатын ерте жастан бастап арттыру;
- ▶ Республиканы қамту үшін үшін екі тілде (қазақша және орысша) ересектерге арналған МАС тренерлерін даярлау;
- ▶ Мемлекеттік органдармен бірлесіп, шенеуніктердің МАС дағдыларын арттыру және МАС-ты барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларына жүйелі енгізу жұмыстарын жүргізу;
- ▶ Ауыл тұрғындары мен егде жастағы азаматтарға арналған арнайы МАС бағдарламаларын әзірлеп, оларды Қазақстанның шынайы жағдайына бейімдеу, қазақ тіліндегі материалдарды әзірлеу;
- ▶ Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдалана отырып, МАС-тың маңыздылығы туралы креативті ақпараттық науқандар ұйымдастыру.

Білім беру мекемелеріне:

- ▶ МАС-ты барлық жастағы оқушыларға арналған оқу курстарына енгізу;
- ▶ МАС тақырыптарын мектеп пәндері арасында модульдік тәсілмен бөлу;
- ▶ Мұғалімдер мен оқытушыларды МАС бойынша трениңдерден өтуге және осы тақырып бойынша білімін тұрақты түрде арттырып отыруға ынталандыру;
- ▶ Технологиялардың жедел дамуын ескере отырып, МАС бағдарламалары мен курстарын үнемі жаңартып отыру.

Сұхбат берген сарапшылар

Татьяна Голубцова – «Психология-Бизнес-Медиа» қауымдастығының вице-президенті, медиатренер, «Медиасауат үйі» жобасының жетекшісі.

Ирина Медникова – ақпараттық тұтастық бойынша маман, ZINC Network ұйымының өкілі; Қазақстан Жастар ақпараттық қызметінің (ҚЖАҚ) құрылтайшысы.

Бақытгүл Бұрбаева – медиатренер, медиа және ақпараттық сауат бойынша сарапшы.

Руслан Қаратабанов – педагог, зерттеуші, география пәні бойынша оқулықтардың авторы, білім беру бағдарламаларының әзірлеушісі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті қызметін атқарған.

Орынтай Ошанова – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі.

Қанат Әуесбай – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы.

Асқар Ақтілеу – медиаменеджер, «Тілші» аймақтық журналистика орталығы» қоғамдық қорының жобалар жетекшісі.

Асхат Еркімбай – Сүлеймен Демирел университетінің (SDU) аға оқытушысы, медиатренер.

Есенгүл Кәпқызы – журналист, медиатренер, Сүлеймен Демирел университетінің (SDU) оқытушысы, «Мінбер» журналистерді қолдау орталығының жетекшісі.